COVID-19

2 Бір науқас айығып шықты



МҰРА

3 Төбе ақын



ТАНЫМ

4 Кино – өнер. Кино – идеология. Кино – бизнес



ҚАЗЫНА

4 Әлемді аралаған кілемші



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№54 (19930)

14 сәуір, сейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҮНДЕУІ

# ШЫДАМДЫЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАН ШЫҒАРАДЫ

**Құрметті Сыр жұрты!**

Әлемді жайлаған коронавирус біздің өңірдің де түкпір-түкпіріне таралып үлгерді. Облыс бойынша 119 адам қатерлі індеттің құрығына ілікті.

Бұған проблеманың шын мәнінде алапат екенін әлі де болса түсіне алмауымыз себеп. Оның қаншама адам өмірін жалмап жатқанын естісек те, көрсек те, тиісті мән бермейміз. Індеттен қорғанбаймыз. Тек сақтансаң ғана сақтайтынын естен шығарғандаймыз. Міне, осындай көзқарас санамызда тұрақтап қалған.

Қазір көшеде жүрген адам да, көлік те көп. Тәртіп біркелкі орындалып жатқан жоқ. Кей мекемелердің, дүкендердің, дәріханалардың алды адам аяғынан арылмайды. Тосқауыл бекеттері ше? Сан түрлі айла-тәсілдерді ойлап тауып, айналып өтпек болғандар да бар. Таяуда карантинге қарамай, аңбалыққа шығудың арты апатқа ұласқанын да көріп-білдіңіздер. Ойланайық! Коронавирустың соңы өлімге әкеп соғуы әбден мүмкін. Осы күннің өзінде, 12 отандасымыз қауіпті кеселден көз жұмды.

Облыста тұрғындардың қауіпсіздігі үшін қатаң шаралар қабылданып жатыр. Бірақ, ереже орындалмаса, тәртіп сақталмаса, жұмыстың еш нәтиже бермейтінін түсінбек керек. Коронавируспен күресте алдыңғы шепте жүргендердің еңбегін қадірлеуіміз қажет. Олар – шын мәнінде бейбіт күннің батырлары. Күні-түні адам өмірінің сақшысы болып жүрген дәрігер, тәулік бойы қоғамдық тәртіпті сақтайтын полицей, облыс орталығы мен ауыл-ауылды аралап, жұқпалы кесел ошағын залалсыздандырып жүрген әскерилер еңбегі ерен.

Аймақ бойынша бұл вируспен күреске медицина саласының 3 мыңға жуық қызметкері жұмылдырылған. Тосқауыл бекеттерінде 200 полицей мен 230 әскери қызметкер үздіксіз кезекшілік етіп тұр.

Енді қоғамның әрбір мүшесі жауапкершілікті түсінуі керек. Сыр халқы ғасырлар бойғы тарихында талай қиындықты еңсерген. Тағы бір сынақты артта қалдыратын кез келді. Мен сіздерден азаматтық жауапкершілік танытуды сұраймын. Ал ол дегеніміз – өз бетінше оқшаулану, үйден шықпау, жақындарыңызбен жүздесуден уақытша бас тарту. Тіпті көшеге шыққан көршіңізді осы тәртіпке бағындыру да сіздің қазіргі борышыңыз. Осының өзі – коронавируспен күреске қосқан үлкен үлес.

Менің парақшама көптеген маңызды әрі мазмұнды ұсыныстар келіп түсуде. Барлығын мұқият қарастырып жатырмыз. Әрқайсысы бойынша басқарма және бөлім басшыларына тиісті тапсырмалар берілген. Біз халықпен кері байланысты тұрақты түрде жалғастыратын боламыз. Әрбір пікір маңызды.

Біз үшін бұл – ең қиын кезең. Көзге көрінбейтін жаумен бетпе-бет келген кез. Біз мұны да жеңіп шығатынымызға сенімдімін. Бастысы, бізге бірлік керек.

Бір-бірімізге түсіністікпен қарап, қатаң тәртіп сақтайтынымызға сенімдімін. Қазір ешкімге де оңай тиіп жатқан жоқ. Сондықтан шыдамдылықтарыңызға шын разымын және әлде де шыдамды бола түсуді сұраймын. Ал еңбектері ерен дәрігер, полицей және әскерилерге барша Сыр халқының атынан бізді 21-ғасырдың ең қауіпті вирусынан қорғап жүргендері үшін алғыс айтамын!!!

# МҰНАЙ ӨНДІРУШІЛЕР ҚАНДАЙ КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ?



**Әлем экономикасының құлдырауы салдарынан мұнай бағасы күрт төмендеді. Айналасы бір айға жуық уақыт өтпей баға екі есеге құлдырады. Мұндай жағдай мұнай өндіруші елдер ұйымына кіретіндер тарапынан бүгінде үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. Осыған орай 9-10 сәуірде ОПЕК және оған енбейтін әлемнің 20 мемлекеттерінің энергетика министрлері онлайн режимінде бас қосып, өзекті мәселені талқылады. Мәселенің өткірлігі соншалық, алғашқы күні мәжіліс 11 сағатқа созылып, орта европалық уақытпен таңертеңгілік аяқталды. Мәселе түбегейлі шешімін таппаған соң ертеңіне, 10 сәуірде әлемдегі жетекші 20 мемлекеттің энергетика министрлері тағы бас қосып, алғашқы күні келісімге қол жеткізілмеген түйткілдерді талқылады. Нақтырақ айтқанда, Мексика өзіне өндіру көлемін қысқарту жөніндегі квотаға келіспей, жиыннан есікті тарс жауып кетіп қалған болатын. Оларды АҚШ президенті Трамп мәмілеге шақырып, Мексикаға тиісті үлесті өз мойнына алатынын мәлімдеді.**

***Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,*
«Сыр бойы».**

Сонымен мұнай өндіруші елдер мынадай мәмілеге келді. Алдағы мамыр-маусым айларында әлемде мұнай өндіру көлемі тәулігіне 10 млн баррельге төмендейді. Оның тең жарымын Ресей мен Сауд Арабиясы өздеріне жүктеді. Қысқартуға жататын квотаның қалған бөлігін Ирак, Кувейт, Біріккен Араб Әмірлігі, бұған қосымша мұнай өндіруші басқа да елдер алатын болады.

Жалпы әлемдегі «қара алтын» рыногында қалыптасқан жағдайды қазір былайша сипаттауға болады. Мұнайға деген сұраныс күрт төмендеді. Оның әлі сатылмай үлкен сыйымдылықтағы қоймаларда, теңіздегі танкерлерде жинақталған көлемі өзінің шарықтау шегіне жетті. Сатылмай қоймаларда жинақталған мұнайдың бүгінгі көлемі 25-27 млн баррельді (1 тонна шамамен 7 баррель) құрайды. Мұнай бағасының өсуіне АҚШ та, Ресей де, Сауд Арабияс да мүдделі. Олардың мұнай өндіру орындары табыспен жұмыс істеуі тиіс. Сонымен бірге мұнай – бюджеттің кіріс көзі. Ресей президенті В.Путин ОПЕК кездесуі қарсаңында барлығы үшін мұнай бағасының барреліне 42 доллар деңгейінде қалыптасқаны тиімді дегенді айтты. Оның ойынша, бұл – орта есеппен алғанда сатушыға да, сатып алушыға да оңтайлы баға. Дегенмен экономикадағы жағдай әлі ауытқымалы. Мұндай бағаға қай уақытта жетуге болады деген сұрақтың жауабы да бұлыңғыр. Себебі әуе компаниялары жұмысын тоқтатты, логистиканың басқа салалары тұралап тұр. Мұнай өндіруші елдер оның өндіру көлемін күрт қысқарта отырып рынокты үйлесімді етуге талпынуда. Сарапшылардың пікірінше, қысқартудан қаншалықты нәтиже болатынын шамамен 2 айдың көлемінде байқайтын боламыз.

Мұнай өндірісін қысқартудан екінші проблема туындайды. Тоқтатылған скважиналарды кейін іске қосу үшін қыруар қаржы қажет. Бұл сарапшылардың айтуынша, кеніш орындары Сібірде орналасқан Ресей үшін өте ауыр. Қатқыл, суық жерде орналасқан скважиналарды қайта іске қосу оңайға соқпайды. Бұл тұрғыда сахарада орналасқан Сауд Арабиясына біршама жеңілірек соғады. Дегенде, дәл қазір мұнай рыногын реттеудің басқа амалы жоқ. Оны көптеген елдер түсінеді.

Сонымен бірге ортақ мәселеде өз көрпесін өздеріне тартып, оңтайлы жағдай қалыптастырғысы келетіндер де жоқ емес. Норвегия, Канада, бірқатар мұнай өндіруші елдер бағаны нарық реттейді деген ұстаныммен келісімде өздеріне оңтайлы жаққа ойысуға ынталары бар екенін сездіріп қалды. Бірақ ортақ шешім қабылданды. Шілде айынан жыл аяғына дейін қысқарту көлемі тәулігіне 8 млн баррельді құрайтын болады. Жаңа 2021 жылдан бастап қысқарту көлемі 6 млн баррельді құрайды. Жалпы ОПЕК+ келісімі 2 жылға арналған. Келісімге келгендер осы жылдар аралығында экономикада өзгеріс болса, оған түзетулер енгізуді міндеттеріне алды. Сарапшылардың айтуынша, келісімнің біршама сәтті өтіп, қатысушылардың мәмілеге келуіне АҚШ және Ресей президенттерінің және Сауд Аравиясы королінің алдын ала өзара телефонмен сөйлесулері ықпал жасаған көрінеді.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

# ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ПӘРМЕНДІ ТҮРДЕ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС





**Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі облыстық комиссия отырысы өтті. Оған облыс әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау органдары мен басқарма басшылары, сондай-ақ Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері бейнеконференция байланысы арқылы қатысты.**

**Жиында аймақ басшысы алдымен коронавируспен күресті күшейту, төтенше жағдай кезінде экономиканы тұрақтандыру және халықты әлеуметтік қорғау шараларының маңыздылығына тоқталды деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.**

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздегі төтенше жағдай режимін сәуір айының соңына дейін ұзарту жөнінде шешім қабылдады. Қазір біздің алдымызда шұғыл әрі нәтижелі шаралар арқылы індетті ауыздықтап, Президент берген тапсырмаларды уақытында әрі мүлтіксіз орындау міндеті тұр» деді облыс әкімі.

Облыс әкімінің орынбасары Н.Байқадамов коронавируспен күрес шараларының жүргізілу барысын баяндады. Оның айтуынша, аймақта 119 адам қауіпті індет жұқтырған. Вирус тасымалдаушы болуы мүмкін азаматтар бақылауға алынып жатыр.

Бұдан бөлек, жиында «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» бағдарламасы аясында облыста 276 жобаның жүзеге асырылатыны айтылды. Сол арқылы 9 мыңнан астам жұмыс орны құрылады. Аймақ басшысы іске асырылатын жобаларға жергілікті құрылыс заттары қолданылып, қаражатты мақсатты игеруді тапсырды.

Аймақта табысынан айырылған және әлеуметтік осал топ өкілдеріне жататын 76 452 азаматқа 42 500 теңге аударылды. Өтініш бергендердің жалпы саны 80 мыңнан астам. Сондай-ақ, «Біз біргеміз» акциясы аясында 6313 отбасына 50 мың теңгеден берілетін қаражат «Қазпошта» АҚ есепшотына түсті. Алдағы күндері мұқтаж азаматтардың бірінші тобы қол жеткізеді. Тізім тағы да толықтырылады.

Білім беру саласына байланысты, аймақта 30 колледж, 293 мектеп қашықтан оқыту жүйесіне көшірілді. Бірақ, жүйеде әлі де олқылықтар кездеседі. Аймақ басшысы білім басқармасы мен қала және аудан әкімдеріне телеарна, интернет-платформалардың мүмкіндігін толық пайдаланып, оқыту процесін барынша тиімді ұйымдастыруды жүктеді.

Ал коронавируспен күресте алдыңғы шепте жүрген медицина қызметкерлерін қолдау мақсатында өңірде 366 қызметкерге үстемақы төленді.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, вируспен күреске жұмылдырылған медицина қызметкерлеріне жан-жақты қолдау көрсету керек. Біркүндік мерзімде кімге қандай көмек қажеттігін анықтаңыздар. Бұған қоса, коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу және емдеу шараларына қажетті жабдықтарды жеткізіп беру керек» деді облыс әкімі.

Жиында аймақ басшысы Жаңақорған, Шиелі және Сырдария ауданында індетпен күрес жұмыстарының тиісті деңгейде жүргізілмегенін атап өтті. Осыған орай, әрбір аудан тиісті шешімдер қабылдап, қауіпсіздік шараларын толық бақылауға алуы тиіс. «Көпшілік шараларды өткізуге тағы бір мәрте жол берілсе, аудан әкімдеріне қатаң шара қабылдаймыз»,- деді аймақ басшысы.

Отырыс барысында, облыс әкімінің орынбасары Б.Жаханов өңірдің азық-түлік нарығындағы ахуал мен көктемгі дала жұмыстарының барысын баяндады. Оның айтуынша, өңірде 3 айлық азық-түлік қорын қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасын негізсіз қымбаттатқан кәсіпкерлерге айыппұл салынады.

Сондай-ақ, биыл 183 мың гектар жерге дәнді дақылдар егіледі. Көктемгі дала жұмыстарына 14 мың тонна дизель отыны бөлінген. Жанармай арзандатылған бағада жеткізілуде. Күріш егу жұмыстары 20 сәуірден кейін басталады.

Гүлшара Әбдіқалықова облыста әлеуметтік маңызы бар өнімдер бағасының қымбаттығын тілге тиек етті. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне бақылауды күшейтуді міндеттеді.

«Азық-түлік бойынша бізде бірнеше өнімнің бағасы көтерілді. Жұмыртқа, қарақұмық, ет. Осы мәселені қолға алу керек. Қаланың барлық жерін аралап, тексеру жүргізіңіздер. Сосын тұрақтандыру қорындағы өнімдер жеткілікті болуы тиіс. Қазір көктемгі егіс науқаны басталды. Бұл – біз үшін күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін шаралардың бірі. Бір жағынан вирусты жұқтырмау жағын қарап, жұмысты жалғастырыңыздар. Әсіресе, Жаңақорған, Шиелі, Сырдария аудандарындағы індеттің ошағы болған ауылдар көктемгі дала жұмыстарына қажетті шараларды дер кезінде қабылдауы қажет. Себебі, «Көктемнің бір күні жылға азық» деді өңір басшысы.

Жиын соңында аудандарға дәрігерлердің жатын орындары мәселесін шешу тапсырылды. Олар вируспен бетпе-бет күресіп жүргендіктен, жайлы жағдай жасалуы тиіс. «Ал облыс орталығында сағат 21.00-ден кейін қозғалысқа мүлде жол берілмеуі қажет» деді облыс әкімі.

**«СБ» ақпарат.**

ПІКІР-ПАЙЫМ

# ЕЛ ЕҢБЕКТЕН ҚОЛ ҮЗБЕЙДІ

**Көктемгі қызу тірлікке кірісер кезде дендеген кесел ауыл шаруашылығында еңбек ететіндерге кедергі келтіре ме деп алаңдап едік. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев егіс науқанын уақытында және сапалы атқаруды тапсырды. Шаруашылықтарды пестицидтер мен тыңайтқыштар, сапалы тұқымдар және жанар-жағармай сатып алумен қамтамасыз ету керектігін, қаржыландыру көлемін 170 миллиард теңгеге дейін арттыруды тапсырғанын естіп, қуанып қалдық.**

Бұдан бұрын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласы халқымызға рухани күш, бойына қуат дарытып, жүрегіне сенім ұялатты. Сын сағатта үрейге бой алдырмай, елді бірлікке, ынтымақтастыққа шақырды. Дәл бүгінгі күні бізге қажеті де – осы. «Бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығарып», тұтастығымызды сөзбен емес, іспен дәлелдесек, елге төнген кез келген қауіптің сейілері анық.

Тосыннан келген індетке тосылып қалмаймыз. Себебі ел еңбектен қашанда қол үзбейді. Көктем мезгілі – диқандар үшін нағыз еңбек майданы. Барлық өңірде дала жұмыстары басталды. Бұл – ертеңгі күннің қамын күйттеген шаруалардың ерен еңбегі. Осылайша диқандар дағдарысты еңсеруге нақты іспен жауап бермек. Қазір «Есім» шаруа қожалығының еңбеккерлері қызу жұмысқа кірісіп кетті. Биыл 80 гектар жерге күріш, 15 гектар жерге жоңышқа егіледі. Қазір егіс алқабында дайындық жұмыстары жүргізілуде. Аумаққа органикалық тыңайтқыштар себіліп, су келетін каналдар тазартылды. Қажетті техникалар да жеткілікті. Дайындық жұмыстары аяқталғаннан кейін айдың ортасында тұқым шашуды жоспарлап отырмыз. Өткен жылдары бұл жерлерге жоңышқа себіліп, жақсы өнім алынды. Бұдан бөлек, шаруашылықта 60-тан астам ірі қара мен 70-ке жуық уақ мал бар. Жайылымдық жер 120 гектар аумақты құрайды. Шаруашылық қазіргі таңда 12 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

«Бірлік бар жерде тірлік бар» дегендей, біз біріксек, бағындырмайтын белес, алынбайтын қамал жоқ. Осы ретте диқандар да Елбасы мақаласына үн қосып, елімізге қолдан келгенше қолдау білдіруге дайын.

**Молдахмет ИБРАГИМОВ,
«Есім» ШҚ төрағасы.**
Жаңақорған ауданы,
Түгіскен ауылы.

# БІР НАУҚАС АЙЫҒЫП ШЫҚТЫ

**Кеше сағат 8.30-да облыста COVID-19 вирусының жаңадан үш жағдайы тіркеліп, індет жұқтырғандар саны 119-ға жетті. Бұл туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлімдеді.**

– Қазіргі уақытта облыс бойынша 119 науқас тіркелді. Жаңадан анықталғандардан екі науқас Шиелі ауданынан, біреуі Жаңақорғаннан. Олардың барлығы карантиндік бақылауда болған азаматтар. Айта кетерлігі, аймақта қарым-қатынаста болған 1449 адам анықталса, оның 802-сі жақын, 647-сі провизорлық байланыста болған, – деді ол.

Облыста инфекциялық стационарға 119, провизорлық стационарға 57, карантиндік стационарға 556 азамат жатқызылған. Қазіргі уақытта 1-Б санатына жататын елдерден келген 46 азамат болса, оның бесеуі карантинде, 41-і үй жағдайында бақылауда.

Сырбойылықтар үшін қуанышты жаңалық та бар. Аймақта індет жұқтырған бір науқас айығып шықты. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, емделушінің емі толық аяқталған соң екі рет тест сынамасы алынған. Нәтиже теріс көрсеткіш, яғни, науқастың COVID-19 вирусынан айыққанын көрсеткен. Емделуші үйіне шығарылған. Індетті жеңген азамат Қызылорда қаласының тұрғыны.

**«СБ» ақпарат.**



● **БРИФИНГ**

# «ІНДЕТТІ ЖЕҢУ ҮШІН ҮЙДЕ БОЛАЙЫҚ»

**Облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет облыс аумағында коронавирус инфекциясына байланысты қалыптасқан жалпы ахуал туралы брифинг өткізді. Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру бойынша облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен өткен төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық комиссияның кезекті отырысында айтылғандай, еліміздегі төтенше жағдай мерзімі сәуір айының аяғына дейін ұзартылуына орай аймақта да карантиндік режим күшейтілуде.**

Облыс әкімінің орынбасары карантиндік режиммен қатар, төтенше жағдай кезеңінен кейінгі өмір сүру деңгейін қайта қалпына келтіру бағытында атқарылып жатқан шараларға тоқталды.

– Бірінші кезекте күнделікті тұрмысқа қажетті азық-түлік, дәрі-дәрмек және тағы басқа жарақтармен толығымен қамтамасыз етіледі. Мұнай-кен, тұз өндіру, балық, мал және егін шаруашылығы саласындағы мекеме-кәсіпорындар өз жұмысын тұрақты жүргізуде. Денсаулық сақтау саласын үздіксіз медициналық құрал-жабдықпен қамтамасыз ету, оның ішінде, науқастар деректерін анықтау тесттері жеткілікті және жасанды дем беру құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Оқшаулау орындары толық әзірленген, – деді ол.

Бүгінге дейін адам көп жиналатын жалпы ауданы 5 миллион шаршы метрге жуық аумаққа (базарлар, вокзал, автовокзал, т.б) дезинфекция жұмыстары жүргізілді. Тұрғындарға ресми деректер ұсыну мақсатында таңертеңгі сағат 08.30-да және 16.00-де күніне 2 рет арнайы брифинг берілуде. Сонымен қатар, облыстық штаб жанынан 400-100 нөмірлі Call орталығы 24 сағат жұмыс жасайды. Бұл орталыққа тұрғындар тарапынан күніне 500-ге жуық сұрақ түседі. Жалпы осы уақытқа дейін 6914 сұрақ түсіп, тиісті шаралар қабылданды. Олардың 4528-і әлеуметтік салаға, 693-і бақылау бекеттеріне, 1473-і кәсіпкерлік саласына қатысты. Бұған қосымша облыстық kyzylorda-news.kz сайтынан арнайы «Covid-19» медиа блогы іске қосылды. Мұнда барлық ресми ақпараттар жинақталған.

Қазір пандемиямен күреске 3000-ға жуық дәрігер, 200 полиция қызметкері және 170-тен астам әскери жұмылдырылған.

Серік Әбжәліұлы біздің аймақта вирус жұқтырған азаматша аман-есен дүниеге сәби әкелгенін айтып, ана мен сәби өмірі үшін күрескен медицина қызметкерлеріне алғысын жеткізді.

– Ана мен баланың өмірін аман сақтап қалуға акушер-гинеколог Ақбота Қоңқабаева, акушер Айгерім Еңсепбаева, неонатолог Меруерт Аққайырова, медбике Айгүл Тұрғанбаева және кіші буын қызметкері Назымхан Бекназарова аянбай еңбек етті. Кейбір тұрғындар карантин талабын бұзса, олар адам өмірін сақтап қалу жолында үйіне қайта алмай жүр. Біз қазіргі заман батырларын бағалауымыз қажет, – деді ол.

Облыс әкімінің орынбасары індеттің алдын алудағы кәсіпкерлер еңбегіне жоғары баға берді. «Далатекс» компаниясының директоры Дінмұхаммед Абызов, жеке кәсіпкер Аида Керімқұлова бастаған ұжымдар маска тігуге, Дина Махатова бастаған «Ас-Ка» компаниясы медицина қызметкерлерін арнайы бір реттік қорғаныш киіммен қамтамасыз етуге, «НеоХимТех» директоры Нұрбол Аппазов, №50 дәріхана басшысы Ләйла Жәлиева антисептик жасауға үлес қосты. Сондай-ақ, жеке кәсіпкер Қайрат Боранбаев вируспен күресіп жатқан 90 дәрігерді «Қызылорда» қонақүйіне орналастырды. Ал, «Kazpetrol Group» компаниясының басшысы Бахыт Тоғызбаев 120 медицина қызметкеріне 100 мың теңгеден барлығы 12 миллион теңге сыйақы берді.

– Өздеріңіз байқағандай әлемді шарпыған індет ешкімді, аямайтынын көрсетті. Мемлекет тарапынан тиісті шаралар үздіксіз жүргізілуде. Дегенмен, бұл вирусты ауыздықтау үшін жұмыла күресуіміз қажет. Бұл жолда сіздерден тек ғана үйде болуды, сақтық шараларын қатаң сақтауды сұраймыз. Себебі сіздер үшін үйіне жете алмай, бауыр еті баласы мен жақын туыстарын көре алмай жүрген кәсіп иелерінің еңбегін еш етпейік. Сыр елі талай қиындықтан өткен, бұл сыннан да өтеді, – деді С.Ахмет.



**«СБ» ақпарат.**

● **ҚОЛДАУ**

# МЫҢ АЛҒЫС СІЗГЕ, ДӘРІГЕР!

**Дүниежүзін жайлаған қауіпті індетпен күресте ең алдымен, ақ халатты абзал жандарға күш түсіп отырғаны белгілі. Мылтықсыз майданның алдыңғы шебінде жүрген дәрігерлер қауымына деген жауапкершілік жүгі індет жұқтырғандар саны артқан сайын еселеп ауырлап келеді.**

Sb Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».

Елімізде де медицина мамандары алғашқы науқас анықталған сәттен бастап, бірнеше апта бойы отбасыларынан тысқары жүріп, өз денсаулықтарын қатерге тігіп дертпен күресуде. Өйткені бар үміт – дәрігерлерде. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев індетпен күресте аянбай еңбек етіп жүрген медицина қызметкерлерін барынша қолдау керектігін айтып, оларға үстемақы төлеу туралы шешімін жеткізді. Сондай-ақ, мамандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Президент тапсырмасы біздің өңірімізде де қажетті деңгейде жүзеге асырылуда.

Денсаулық сақтау басқармасының дерегінше, облыста індетпен күреске 3000-ға жуық медицина қызметкері жұмылдырылған. Ауру анықталған аудандардағы медицина қызметкерлері мен облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының мамандары емдеу мекемелерінен шықпай жұмыс істеуде. Медицина қызметкерлері де 14 күндік бақылауда болады. Осы орайда оларды жатын орынмен қамтамасыз етуде қажетті шаралар қолға алынуда. Оған кәсіпкерлер де атсалысуда. Атап айтқанда, қызылордалық кәсіпкер коронавируспен күресіп жүрген дәрігерлерді жекеменшік қонақүйіне орналастырды. Осылайша ол бүгінгі күннің батырларына деген құрметін көрсетті. Қонақүйде медицина қызметкерлерінің тынығып, демалуына бар жағдай жасалған.



– Індетпен күресіп жүрген дәрігерлерге, орта және кіші буын қызметкерлердің барлығына қолайлы жағдай жасалған. Ыстық тамақ, жатын орын, қажетті жеке бас гигиенасы заттарымен және қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілген. Жұмыстан кейін олар арнайы медициналық көлікпен қонақүйге барып тұрақтайды, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов.

Бүгінде қонақүйде 100-ден астам қызметкер орналастырылған. Оларға көпбейінді облыстық аурухананың мамандары қызмет көрсетеді. Тазалық, залалсыздандыру жұмыстарын жүргізумен қатар, індетпен күресушілердің дене қызуын өлшеп, медициналық тексерістен өткізеді.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы міндеттегендей, індетпен күресуші медицина қызметкерлеріне қауіптілігіне байланысты 3 деңгейде сыйақы тағайындалуда. 3 айға есептелген сыйақыны алатын қызметкерлер тізімін арнайы комиссия бекітті. Өткен аптада комиссия мүшелері тәуекел топтары бойынша үстемақы белгіленетін жұмыскерлер тізімін айқындады. Облыс бойынша 375 медицина қызметкері үстемақы алатын болды.

Атап айтқанда, 1-тәуекел тобына (20 ең төменгі жалақы мөлшері (ЕТЖ) немесе 850 мың теңге) жататын инфекциялық стационардағы дәрігерлер – 9, орташа медициналық қызметкер – 14, кіші медициналық қызметкер – 12, барлығы 35 адам қосымша 5,7 млн теңге (Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы, Жаңақорған ауданаралық ауруханасы);

2-тәуекел тобына (10 ең төменгі жалақы мөлшері (ЕТЖ) немесе 425 мың теңге) жататын провизорлық стационардағы дәрігерлер – 24, орташа медициналық қызметкер – 95, кіші медициналық қызметкер – 42, барлығы 161 адам қосымша 20,5 млн теңге (Қазалы, Қармақшы, Сырдария, Жаңақорған ауданаралық аурухананалар, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы және облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы);

3-тәуекел тобына (5 ең төменгі жалақы мөлшері (ЕТЖ) немесе 212,5 мың теңге) жататын карантинды стационардағы дәрігер – 15, орташа медициналық қызметкер – 64, кіші медициналық қызметкер – 72, жедел жәрдем жүргізушісі – 28, барлығы – 179 адам, қосымша 7,9 млн теңге алады (Қазалы, Шиелі, Жаңақорған ауданаралық ауруханалар, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы, облыстық фтизиопульмонологиялық орталығы).

Үстемақы қызметкерлердің наурыз айында коронавирус инфекциясын жұқтырған науқастармен нақты жұмыс жасаған уақытына сай есептеледі.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕ АҚ облыс бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовтің айтуынша, ағымдағы жылдың наурыз айында COVID-19 коронавирусы таралуының алдын алу және инфекция жұқтырған науқастарды емдеуге 238,8 млн теңге бөлінді. Сондай-ақ, эпидемияға қарсы шараларға тартылған медициналық немесе медициналық емес ұйымдардың қызметкерлеріне 150,9 млн теңгеден астам үстемақы қарастырылған. Оған қоса, полимеразды тізбекті реакция арқылы биологиялық материалдан COVID-19 вирусының РНҚ (рибонуклеин қышқылы) анықтау үшін диагностикалық зерттеуге 60,2 млн теңге бөлінген.

«SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы да індетке қарсы күреске бейжай қарамай, медициналық ұйымдармен бірлесе жұмыс атқаруда.

Індетке қарсы күресіп жүрген қызметкерлерге көмек көрсетіп, қуаныш сыйлау мақсатында облыс көлеміндегі емдеу алдын алу мекемелерінде жұмыс істейтін бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен бірлесіп, 4370 мың теңгеге барлығы 250 отбасына азық-түлік өнімдерін берді. Сонымен бірге, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына 370 мың теңгеге 185 дана төсек жиынтығын табыстады. Облыстық жедел жәрдем станциясына 200 мың теңгеге 2000 дана бетперде (маска) тігуге жабдықтар алып берілген. Одан бөлек, 600 мың теңгеге облыс көлеміндегі емдеу мекемелерінің қажеттілігіне орай, адам денесінің температурасын өлшейтін (бесконтактный термометр) құрал сатып алу мақсатында келісім шарт жасасқан.

Салалық кәсіподақ 5540 мың теңгеге облыс көлеміндегі медицина саласының қызметкерлеріне көмек көрсеткен.

Тұрғындар саулығы жолында аяқтарынан тік тұрып, уақытпен санаспай еңбек етіп жүрген бүгінгі күннің батырлары – медицина қызметкерлері қандай да қолдау-құрметке лайық.

# ҮШ ЖЫЛДЫҒЫН ОЙЛАҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

**Өткен ғасырдың 70 - жылдардың аяғында әскери борышымды өтеп келдім. Оқуға тапсыруға дейін жарты жылдан астам уақыт бар. Содан Қызылорда қаласындағы күріш зауытына жұмысқа тұрдым. Мен жұмыс атқарған цех ауысым сайын кемінде 800- 900 қап күріш ақтайды. Ол сол бойда 63 тонналық вагонға тиеліп, елдің түкпір-түкпіріне, кейде шет елдерге жөнелтіліп жатады. Сонда тәулігіне 2-3 вагон күріш ақталып тұратын. Егер жұмыс процесінен ақау шығып, үзіліс орын ала қалса, оны тезірек қайта іске қосуға бар күш жұмылдыралатын. Сонда байқағаным, қанша асықтырып жатқанмен цехтың қоймасында қатар қатар жиналып тұрған күрішке тиіспейтін. Ал ол жерде кемінде ондаған вагон күріш жинаулы тұратын.**

Sb Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».

Бір күні өзімді мазалаған сұрақты цех бастығына қойдым. Сонда ол қоймадағы күріш мемлекеттік қор есебінде екенін жеткізді. Елде қандай да бір ауыртпалық кезеңдер орын алған жағдайда пайдалану үшін сақталатынын айтты. Осындай қор келесі цехта да бар болатын. Қоймадағы күріш белгілі бір мерзімнен кейін сатуға жіберіліп, оның орнын жаңа өнім басатын. Жалпы мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық азық-түліктің барлық түрінен осындай қор жасақталатынын, сол кезде естіп білдім.

Азық-түлік қауіпсіздігі ұғымының қалыптасуына 1972-1973 жылдары орын алған астық дағдарысы себеп болған секілді. Алғашында әлемдік азық-түлік қауіпсіздігі барлық елдер үшін қолжетімділік жағдайындағы тұрақтылықты сақтау ретінде қарастырылды. 1974 жылы БҰҰ-ның «әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша халықаралық міндеттемелер» резолюциясы дайындалды. Азық-түлік қауіпсіздігін басқару деңгейлерін – жаһандық деңгей, мемлекетаралық деңгей, ұлттық деңгей, аймақтық деңгей, үй шаруашылығы деңгейі және жеке деңгей түрінде бөліп қарастырады.

Демек, қай мемлекет болмасын «үш жылдығын» ойластырып қоюы тиіс. Жалпы, азық-түлік қауіпсіздігін нығайту – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, экономиканы табысты дамытудың негізгі шарттарының бірі. Осы орайда елімізді орнықты дамыту, ұлттық тұтастығымызды сақтау үшін азық-түлік қауіпсіздігінің мәселелері «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңымен бекітілген. Бұл азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздігімізді нығайту ісінде басты назарда тұратынын білдіреді.

Мемлекетіміз «үш күндігін де», «үш жылдығын да» ойластырып, яғни қаржы қорын да, азық-түлік қорын да жасақтап қоюға айрықша мән беріп келеді. Бүгінгідей жалпы ел бойынша төтенше жағдай енгізіліп, карантиндік шаралар күшейген шақта эконимиканың көптеген салалары жұмысын баяулатты немесе мүлдем тоқтап қалды. Түрлі қызметтер ұсынып келген кәсіпкерлер де жұмысын тоқтатуға мәжбүр. Тұрғындардың басым бөлігі үйінде отырып қалды. Осындай қысылтаяң шақта елімізде халықты қаржылай қолдау, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесіне жедел кірісіп кетті. Тұрғындарды азық-түлік және қажетті бұйымдармен қамтамасыз етуге еліміз бойынша 32 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

Ал Қызылорда облысы азық-түлікті тұрақтандыру қорына 776 млн теңге бөлді. Бұл қаржыға «Байқоңыр» ӘКК» акционерлік қоғамы арқылы 1575,1 тонна ұн, 500 тонна күріш, 134 тонна қант, 100 тонна макарон өнімі, 500 тонна картоп, 200 тонна сәбіз, 100 тонна пияз, 35 тонна қырыққабат, 153 тонна өсімдік майы, 100 тонна сиыр еті, 50 тонна тауық еті, 59 тонна сүт өнімі, 300 келі ірімшік, 500 келі сары май және 2 млн дана тауық жұмыртқасы сатып алынды. Азық-түлік өнімдерінің басым бөлігі «Байқоңыр» корпорациясына қарасты «Алтын қамба» Агроөнеркәсіп комбинаты» ЖШС-ның қоймаларында сақталып, 27 әлеуметтік дүкені арқылы нарықтан төмен бағада босатылады.

«Алтын қамба» Агроөнеркәсіп комбинаты» ЖШС директоры Бауыржан Тоқмырзаның айтуынша, мұндағы 3250 тонналық қойма 2011 жылы пайдалануға берілсе, биыл жыл басында 2000 тонналық көкөніс қоймасы салынып, іске қосылған. Әлеуметтік дүкендердің жалпы саны 29, жұмыс істеп тұрғаны 27. Солардың сегізі биыл пайдалануға берілді. Бұл дүкендер өз кезегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға ықпал етуі тиіс. Әлеуметтік дүкендерде нан бағасы – 55, бірінші сортты ұнның келісі – 132, күріш – 212, қант – 240, макарон 150 теңгеден сатылып келді. Сондай-ақ, картоп – 83, сәбіз – 82, жуа – 55, қырыққабат – 95, өсімдік майы – 1700, қарақұмық жармасы – 310 және ас тұзы 33 теңгеден болды. Серіктестік басшысы тұрақтандыру қорындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары Үкімет бекіткен бағамен сатылатынын айтады. Сонымен қатар, тұрақтандыру қорындағы азық-түліктер кесте бойынша арнайы автокөліктер арқылы аудандарға да жеткізілуде. Бұл шаралар қазіргідей қиын кезеңде халық үшін үлкен көмек екені сөзсіз.



АСЫЛ МҰРА

**Талантымен дараланған шоқтығы биік ақынның бірі – Төлеубай Үркімбаев. 1898 жылы Жалағаш ауданы қазіргі Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген. Ескіше жаңа қоғамның талабына сай бастауыш білім алады. Еңбек жолын теміржолда жұмысшы болып бастайды. 1916 жылы «июнь жарлығына» ілініп, бірінші дүниежүзілік соғысқа алынады. Онда қара жұмысқа жегіліп, майданның алғы шебінде батпақты, орманды жерлерде бейнеттің азабын шегіп, денсаулығынан айрылып, елге оралады.**

# ТӨБЕ АҚЫН

Бойындағы дарыны мен өмірге құштарлық жас Төлеубайды ерте есейтіп, өз бетімен білімін жетілдіруге талпындырды. Осы мақсатта ол атақты Сыр сүлейлерінің өлең-жырларын оқып, оларды жатқа айтып, халық арасында және соларға еліктеп өзі де жаза бастайды. Ол жаңа қоғамның, елдегі болып жатқан өзгерістер мен еңбекші халықтың ерен еңбегін жырлап, өзінің шеберлігі мен саяси білімін өмірге деген көзқарасын байыта түсті. Табиғат сыйлаған дарын халыққа ерте танытты. Алғашқы 1927 жылы жарық көрген «Он жылдағы олжа», отызыншы жылдары жазған «Қатарымыз шынықты», «Тас жарғанда табыс бар», «Сатанның сарыатаны», тағы басқа топтама шығармалары 1935 жылы «Социалды Қазақстан» газетінің 284 санында жарияланды. Облыстық партия комитетінің хатшысы Ә.Аталақов өзінің «Талант» атты мақаласында Т.Үркімбаевтың шығармашылығына талдау жасап, оның ақындық талантына әділ баға берген. Ә.Аталақов: «Әттең, науқастықтан самсаған қолдан, шаршы топтан озатын жүйріктің аяғына ақау түсіріпті. Бірақ, Төлеубай ақын төсек тартып қалса да, қолынан қаламы түсіп көрген емес. Дәуірдің ұлан-асыр дүбіріне үн қосқан» деп жазған. Шынында да, ақынның әрбір өлеңінен дәуір шындығын көреміз.



Төлеубай ақынның өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы жекенің малын тәркілеп, ұжымдастырудағы асыра сілтеушілер мен шолақ белсенділердің заңсыз іс-әрекеттерін халық атынан ашынып жазған туындысы – республикамыздың бас газеті «Социалды Қазақстанға» жариялаған «Сатанның сарыатаны» фельетоны еді. Онда жекенің қолындағы күш-көліктің жақсы күйден, қоғамдық меншікке тәркіленіп өткеннен кейін кез келгеннің билігінде кеткенін, дала кемесінің өлу халге келгендігін, сарыатанның мұңын сол кездің ащы шындығымен жеткізген. Осы бір сын фельетон үкімет тарапынан қолдау тауып, заңсыз тәркіленген күш-көлік ұжым мүшелеріне қайтарылып, оларды бағып, пайдалануға рұқсат берілген. Жыр алыбы, қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндігіне қатысып, кеудесіне орден тағып оралған Жамбылды Алатаудан бастау алатын мөлдір бұлаққа балап, «Жамбыл бұлақ» деген өлең арнаған.

– Мұз болып дүниежүзі
қатқан кезде,
Адамға ащы тұрмыс
батқан кезде.
Бір таудың жырасында
Жамбыл туды,
Ел үркіп, тау көбелеп
қашқан кезде.
Құрметті асыл сөздің
қыранысың,
Мұзбұлақ қия шалған
қырағысың.
Өлеңнің зәм-зәм суын
жұтсам, тоймас,
Сен ата, тәтті әуездің
бұлағысың.

Төкеңнің өлеңдері облыстық газеттерде жарияланып, есімі байтақ елге таныла бастады. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан майдангер өмірден көргені мен түйгені, басынан кешірген оқиғалары жайлы сол кездегі елдің, дүниенің саяси-қоғамдық ахуалы туралы прозалық еңбектер де жазған. Өкінішке қарай, бұл еңбектері қолды болып, жоғалып кеткен. Дегенмен, Төкең науқастығына қарамастан бұл салаға қалам тартуын тоқтатпады. 1939 жылы Төлеубай Үркімбаев КСРО Жазушылар одағына мүшелікке қабылданады. Сол жылдары республикада бұл одаққа Мұхтар Әуезов бастаған санаулы ғана ақын-жазушылар мүше еді. Төкеңнің қаламгерлігіне тәнті болған облыс басшылары ақынға кейбір саяси науқандарға, атаулы, мерекелі күндерге байланысты арнау өлеңдерге тапсырмалар бере бастайды. 1940 жылы ұлы Абайдың туғанына 95 жыл толуы қарсаңында облыстық «Ленин жолы» газетінің 15 қазандағы 240 санында «Абай сөзі – алтын сөз» деген өлеңі жарияланады.

– Қазақта өтсе бұрын
талай ақын,
Атасы сол ақынның
Абай ақын.
Кімде-кім ақындарды
ауызға алса,
Атайды дәс әуелі Абай атын.

Төкең жазба әдебиетінің өкілі ғана емес, суырып салма ақын, екі саланы да тең ұстаған. Жас кезінде домбыраның құлағында ойнаған. Қолдан қалса да, құлағы мен дауысында мүкіс болса да, өз қатарларынан қалмаған. Шаршы топта айтысуды армандап өткен. Сонда да болса замандастары Төкеңді әрқашанда іздеп, қатарластарынан қалдырмаған. Соның бір айғағы, 1945 жылы ақпанның 2-4 күндері Қызылорда қаласында ақындардың облыстық II слеті өткен. Бұл слетке 50-ге тарта ақын-жазушы мен жыршы қатысқан. Ақындар слетіне жасы 80-ге жеткен қарт ақын Тұрымбет Салқынбаев қатысып, өзінің құттықтау өлеңін оқыған. Ақындар слетін облыстық партия комитетінің хатшысы Ә.Аталақов ашқан. Слетте орденді ақын А.Тоқмағамбетов «Ақындар айтысы және олардың алдағы міндеттері» жайлы баяндама жасады.

Айтыстың қорытындысы туралы қазылар алқасының мүшесі ақын Ә.Оңалбаев хабарлама жасаған. Айтысты ашу мәртебесіне Төлеубай Үркімбаев ие болған. Төкең «Ақындарға арнау» өлеңімен ашқан.

– Ақындарым келіңдер,
Ой мен қырдан жиылып.
Маған кезек беріңдер,
Айтуға өлең бұйырып.
Төбеммен қызмет етемін,
Келіншектей иіліп.
Ұнаса сөзім нақ солай,
Қаларсыңдар сүйініп.
Ұнамаса лаж жоқ,
Қаларсыңдар күйініп.
Ерлерім жүр майданда,
Төрт жыл бойы сабылып.
Төсегіне мұз төсеп,
Қардан көрпе жамылып.
Қарсы ұмтылды айбатпен,
Арыстандай шабынып.
Тұтасып келген қалың қол,
Тұс-тұсынан жарылып.
Тас-талқан боп жайрады,
Жалынды өртке шалынып.
Қырғын тобы қырылды,
Қызыл қанға малынып.
Сыпырылып терісі,
Жерімізден арылып.
Өз жеріне тығылды,
Өрістері тарылып, – деп

жеңістің жақындап келе жатқанын шабыттана жырлайды. Төкеңнің өлеңдері «Ақын жырлары» (1958 жыл), «Пернедегі термелер», «Үш ғасыр жырлайды» (1965 жыл) атты «Жазушы» баспасынан шыққан жинақтарға енген. Тұрмыс тауқыметін бір адамдай тартқан ақынның еңбектерін Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасынан іздестіріп жүріп жинап, М.Әуезов атындағы әдебиет және қолжазба қорына табыс етуде белгілі әдебиетші ғалым М.Байділдаев көп еңбек сіңірген.

М.Байділдаев 1984-1985 жылдары ақынның 12 баспа табақ көлемдегі өлеңдерін баспаға дайындап өткізген. Түрлі себептермен ақын жинағы жарыққа шықпай қалған. Төкең ел байлығын еселеткен айдынды Аралдан қазыналы Қаратауға дейінгі аралықтағы құрыш қолды еңбекшілерді жырлаған. Соғыстың аяқталу тұсында облыстық, аудандық газеттер жазба ақындардың айтыстарын ұйымдастыруды дәстүрге айналдырып, оны жариялап тұрған. 1945 жылы Төлеубай Үркімбаев қармақшылық Бисенбай Қасқырбаев пен қазалылық Байназар Өтеповпен газет арқылы айтысты. «Ленин жолы» газетінде үздіксіз жарияланып, газеттің құндылығын арттырып, оқырмандардың қызығушылығын тудырған. Ақынның «Бармысың, Қармақшыда Қасқырбаев?!», «Қайдасың, Қазалының Байназары?!» деп басталатын айтысы оның бұрқыраған жыр күшінің құдіретін көрсетсе керек. 1945 жылы 44 ақын қатысқан айтыста Төкең бас бәйгені жеңіп алып, киіз үй, бір жылқы, пальто, тағы да басқа бағалы заттармен марапатталған. Осы айтыстан кейін Төлеубай Үркімбаев облыстың «Төбе ақыны» атанып, Қызылорда, Жамбыл облыстары ақындарының айтысында Сырдың намысын қорғаған. Айтыста тауды төмендетпей, даланы асқақтатпай екі облысты тең ұстап, халықтың көңілінен шыға білген. Өзінің мағыналы да мазмұнды жырларының арқасында халқының сүйікті ақынына айналған. «Қазақ ССР-нің құрылғанына 15 жыл» төсбелгісімен, 1945 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Төкенді ұстаз санаған Әбділда Тәжібаев, сатирик-ақын Асқар Тоқмағамбетов, Бөлебай, Тұрсын, Сырбайлардың оған тәнті болғанын бүгінгі жастар біле бермейді.

Халық ақыны Төлеубай Үркімбаев туралы еліміздің көрнекті ақын, жазушылары, қоғам, мемлекет қайраткерлері жақсы пікірлер айтқан болатын. Филология ғылымдарының докторы, сыншы, әдебиетші, ғалым, профессор Есмағанбет Ысмайлов «Совет халқы ақындары ішінде шоқтығы биік тұлғалардың бірі Төлеубай Үркімбаев» десе, ақын Оңалбай Әбдікәрімов «Төлеубай халық ақыны, желдей ескен, кескестеп жүйріктердің алдын кескен» деп баға берген. Әбділда Тәжібаев Жалағаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, мемлекет және қоғам қайраткері Қонысбек Қазантаевқа жазған хатында: «Жалағаштың суырып салма ақыны Төлеубай Үркімбаевтың артында қалған мұраларын жинауға, атын ұлықтауға ұйытқы болуды және баласына қамқорлық жасауды өтінемін» депті.

1943 жылы Төкеңнің үлкен ұлы туғанда Нартай қасындағы әріптестерімен келіп шілдехана өткізіп, «Төке, ендігі өміріңіз қуанышты болсын» деп баласының есімін Қуанышбай қойған екен. 2003 жылы ақынның баласы Қуанышбай Төлеубайұлы жерлес жазушы, этнограф-ғалым Тынышбек Дайрабаев құрастырған ақынның «Өлеңмен өрілген шындық» жинақ кітабын «Бастау» ғылыми басылымдар редакциясынан шығарып, оқырманға тарту етті.

Төлеубай Үркімбаев 57 жасында 1955 жылы ақпан айында қайтыс болды. Мен елуінші жылдары көрші тұрып, сабақтан қол босағанда ауырып төсек тартып жатқан ақынның айтуымен өлеңдерін көшіріп, тапсырмасы бойынша баспаға жолдап отырдым.

Биыл ақынның туғанына 120 жыл. Төкеңнің еңбектері заман өзгерсе де, құндылығы мен мағынасын жойған жоқ. Бүгінде елімізде бүкіл халықтық қолдау тауып, осындай аттары көмескіленіп бара жатқан тұлғаларды қайта еліне қауыштыру біздерді қуантады.

**Рысбай КӘРІМОВ,**
**ҚР Журналистер одағының мүшесі.**

## Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасын бекіту туралы

Коронавирустық инфекция пандемиясына және оның Қазақстан экономикасына теріс ықпалына байланысты төтенше жағдай нәтижесінде зардап шеккен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін, дара кәсіпкерлерді қолдауға арналған Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасын әзірледі.

Аталған бағдарламаны іске асыру үшін екінші деңгейдегі банктерде негізделген салымдарды орналастыру арқылы 600 млрд теңге бөлінді. Бизнесті қолдау тетігі екінші деңгейдегі банктердің төтенше жағдайдың енгізілуі нәтижесінде зардап шеккен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне, дара кәсіпкерлерге 12 айға дейінгі мерзіммен жылдық 8%-дан аспайтын мөлшерлеме бойынша айналым қаражатын толықтыруға жеңілдікпен кредиттер беруі арқылы іске асырылады. Екінші деңгейдегі банктердің қаражатты игеру мерзімі 3 ай.

Жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасының операторы болып Ұлттық Банк жанындағы «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ айқындалды, сондай-ақ активтер сапасын тәуелсіз бағалаудан (AssetQualityReviews) өткен және портфелінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне берілген қарыздары бар 13 қатысушы банк белгіленді. Бағдарламаға қатысушы банктердің бөлінген қаражатты мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарды сатып алуға, басқа банктердегі депозиттерге орналастыруға, шетел валютасын сатып алуға пайдалануына және өзге мақсатқа сай пайдаланбауына тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-мен бірлесіп кәсіпкерлерге берілген жеңілдікті кредиттердің уақытылы және нысаналы пайдаланылуына ай сайынғы негізде мониторинг жүргізетін болады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бөлінген қаражаттың соңғы қарыз алушыға жеткізілуі бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайтын болады.

**Қазақстан Республикасының**
**Ұлттық Банкінің Қызылорда филиалы.**

ТАНЫМ

# ӘЛЕМДІК ДЕПРЕССИЯ

## Кеңес ғалымының болжамдары қалай шындыққа айналды?



**Әлемді жайлаған бүгінгі қасіретті сарапшылар өткен ғасырдың 20-30 жылдардағы АҚШ-тағы ұлы депрессиямен салыстырады. Осыдан тұп-тура 100 жыл бұрын капиталистік дүниенің мызғымастай көрінген жүйесі оңбай сыр берді. Бай мен кедейдің тұрмысында жер мен көктей айырмашылық пайда болды. Ешқандай байсалды тірлікке бейімделмеген, сәл дөрекі айтқанда, құмар ойындардың сипатына көбірек ұқсайтын қор биржалары бір сәтте-ақ құлдырады, байлар кедейленіп қалмаса да жиғантергенінен айырылды, тақыр кедейлер көбейді. АҚШ-та бір сәтте 20 млн жұмыссыз көшеде сеңдей соғылысып, адамдарды тонауға кірісті. 2 млн адам аштықтан өлді.**

Sb *Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,*
*«Сыр бойы» .*

АҚШ президенті Рузвельт ұлы депрессия кезінде не істеу керектігін айқын түсінді. Ол тізгіндеуге, ымыраға келмейтін нарық экономикасын мемлекеттік басқару әдісіне көшірді. Байларға салық салды. Сенделген миллиондаған жұмыссыздарға нәпақа табатын жұмыс тауып берді. АҚШ бюджеті мемлекеттік тапсырысты көбейтіп, автомобиль жолдары салынды, мемлекеттің басқа да қажеттіліктері өтелді. Соның өзінде ұлы депрессия зардабы ондаған жылдарға созылды. Бүгінгі дағдарыстың циклдарын кезінде кеңес ғалымы Николай Кондратьевтің дәл болжағанын оқырмандар есіне салғымыз келеді.

Сарапшылар, сол дағдарысты бүгінгімен салыстырады. Бірақ ол кезге ұқсамайтын тұстары да бар. Ұқсамайтыны – депрессия кезінде халықты бүгінгідей жұқпалы дерт жайлаған емес. Ол таза экономика сипатындағы құлдырау еді.

Таңданарлығы, Кондратьев сәуегей емес, экономика циклдарының өзгермелі кезеңдерін зерттеген көрнекті ғалым. Бәлкім, оның айтқандары, сызған жобалары тап күресі ушығып тұрған кезінде Сталинге ұнамауы заңдылық болса да, біз бүгін бастан кешіріп отырған дағдарыс циклдары ғалым дәлелдеген капитализм дүниесінің табиғатына тән екені барынша айқын көрініс табады.

Өмір қазір біздің бұрынғы көзқарасымызға түбегейлі өзгеріс енгізіп жатыр. Коронавирус дерті әлемді шарпи бастағалы Ресейдің Владимир Соловьев басқарған хабарында бір тыным жоқ. Ресейдің атақты ғалымдары, АҚШ-тың, Израильдың, Германияның мүйізі қарағайдай ғалымдары да осында.

АҚШ-та дерт неліктен ә дегеннен тізгіндеуге көнбеді? Хабарда осы сауалға сол ғалымдар жауап беріп, мәселенің түйінін ашқандай болады. Жаппай дағдарыс кезінде жеке меншік психологияның ештеңе істей алмайтыны, күшті мемлекеттік биліктің қажеттігі айтылды. Сол Америкада емдеу мекемелерінің түгелге жуығы дерлік жеке меншіктің қолында. Оларда жұмылдыру күші жоқтың қасы. Жеке меншік клиникалар әрдайым бос болады. Оған жату үшін көп қаражат керек. Міне, мемлекеттік ресурс аз жерде осындай оралымсыздықтар орын алады. Керісінше, Қытай өз мүмкіндігінің орасан зор екенін танытты.

Қазір әлем экономикасының алдағы уақытта қандай болатынын ешкім дөп басып айта алмайды. Дерт салдарынан экономика тұралап шығын әлемде ондаған, жүздеген трлн долларға шарықтап кетті. Қашан қалпына келеді? Сарапшылардың пікірінше әлем халқын бұл дағдарыстан алып шығу үшін ұжымдық күш-жігер қажет етіледі. Бұл әлбетте жеке меншіктен гөрі тиімді жолға салатын ұстаным. Сол ғалымдар бүгінгі жағдайда социализм жүйесінің артықшылығын, әлеуметтік сипаттағы экономиканың ел тұрақтылығын сақтап қалуға бейім екенін дәлелдеді. Олардың пайымдауынша, әркімнің өз көрпесін өзіне тартып, эгоизм принципін тануы жағдайды бұрынғыдан да ушықтыра береді. Бірақ бір қызығы, менің осыдан бір-екі жыл бұрын жазған мақаламда бүгінгі құбылысты орыс, кеңес ғалымы Николай Кондратьев осыдан 80 жыл бұрын болжап айтып кеткені атап көрсетілген еді.

Әлемдік экономикалық дағдарыстардың сипатын нарық экономикасының өз табиғаты мен болмысынан іздеу қажеттігін айтқан, шектен тыс пайданың тойымсыздық психологиясын тудырып, халықтың белгілі бір бөлігінің қайыршылыққа ұшырауына әкеп соқтыратынын күллі әлемге паш еткен Карл Маркс ілімін бүгінде Батыс шонжарларының өзі мойындай бастады. Біз күні кеше келмеске кетті деп санаған социализммен бірге есімін жадымыздан шығара бастаған К.Маркстің портреті әлемдегі санаулы экономистердің қатарында Кембридж және Оксфорд университеттерінің көрнекті жерінде ілініп тұрғанын білеміз бе? Білмесеңіз бұл айтқандарымыздың тұп-тура ақиқат екенін қалың оқырманның есіне сала кеткіміз келеді.

Тосын құбылыс, әдетте, өткен тарихымыздың сүреңсіз, қайғылы оқиғаларына да қайта үңіліп, сана сүзгісінен өткізуге итермелейді. Бүгінде Ресейдің зиялы қауымы экономикалық ой болжамдары жағынан К.Маркстен кем түспейтін, өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары әлем экономикасындағы өрлеу мен дағдарыс кезеңдеріне талдау жасап, әр дәуірдегі тоқырау мерзімін дөп басып айтқан орыс экономисі Николай Кондратьев есімін құрметпен атар еді.

Өз талдаулары арқылы ғалымның есімі 20-шы жылдары бүкіл әлемге танылды. Бірақ капитализмді қайта жаңғырту идеясымен «айыпталған» Кондратьев сол жылдары қайта-қайта тұтқынға алынып, ақыр соңында 1930 жылы 8 жылға сотталды. Түрмеде жатып әлем экономикасының құлдырау, өсу динамикасына талдау жасаған ғалым өзіне дейінгі екі жүз жылдық ахуалды сараптан өткізді. Дағдарыстардың шарықтау шегі мен құлдырау нүктесінің динамикасын жасады. Оның себеп-салдарларын ашты, тіпті ол өткен ғасырдың 30-шы жылдары АҚШ-та басталған депрессияның мерзімін алдын ала дөп басып айтты. Түрмеден босану уақыты таяғанына қарамастан, ауыр науқастан қажыған ғалым 1938 жылы атылып кетті. Ол кешегі 80-ші жылдары ақталды.

Кондратьев әлем экономикасының табиғатына қатысты қандай болжамдар айтты? Осыдан 80 жыл бұрын орыс ғалымы әлем экономикасындағы дағдарыстардың кейде 45-60 жыл уақытты қамтитын созылмалы сырқаттарын айқындап берді. Оның пайымдауынша, осындай экономикалық циклдардың нәтижесінде әлемдік қауымдастықтың өндіргіш күштері өз мүмкіндіктерін сарқып бітіп, дамудың жаңа деңгейіне өту қажеттілігі туындайтын болады. Бұл ғылыми тұжырым ретінде Кондратьев циклдары деген атауға ие болып отыр. Атап айтқанда, ол созылмалы дағдарыс циклдары 2020 жылға дейін, одан кейін тым ұзақтау кезеңдерді – 2040-2060 жылдарды қамтуы ықтимал екендігін болжады. Ұзақ толқындар концепциясы деген атауға ие болған осы кезеңдерді бүгінгі ғалымдар Кондратьев есімімен байланыстырады.

Кондратьевтің циклдары бойынша әлем экономикасының төмендеу толқындары созылмалы түрде 2015-2025 жылдарды, өсу толқындары 2025-2045 жылдарды қамтуы ықтимал. Кереметтігі сол, алдын ала ұзақ жылдар бұрын айтылған болжамдардың бүгінгі таңда біршама шындыққа айналып отырғанын атап өтпеске болмайды.

Не істеу керек? Ғалымдар қандай идея ұсынады? Шындығында, егер дағдарыстың табиғатын капиталистік нарық экономикасының өз болмысынан іздейтін болсақ, онда бұл қатынастардың келешегі бұлыңғыр болғаны ма? Капитализм дүниесінің жанашырлары мұндай пікірге үзілді-кесілді қарсы, олардың пайымдауынша әрбір дағдарыс жаңа серпінді дамуға жол ашатын қақпа іспетті, яғни тоқыраудан өтіп, серпінді сілкініс жасау жаңа сапалы деңгейге көтерілудің кепілі болып табылады.

2008-2009 жылдардағы қаржы дағдарысынан кейін АҚШ пен Еуроодақ капиталдары даму қарқыны жоғары мемлекеттерге бет бұрды. 2009 жылдың шілдесі мен 2014 жылдың маусымы аралығында әлемдегі 19 дамыған мемлекетке 2 трлн доллар инвестиция құйылды. Ол әлемдік дамудың жаңа локомотивіне айналды. Көптеген сарапшылар Қытай, Индия, Бразилия, Индонезия мен басқа да елдер жақын арада АҚШ, Еуроодақ және Жапонияны жетекшілік позициядан ығыстырып шығарады деген болжам жасаған болатын. Бұл ішінара расталды.

Өкінішке орай, ауқымды капиталдар құйылған дамушы мемлекеттер де, бұрын дамыған елдер де проблеманы бастан кешті. Қаржы мен жылжымайтын мүлік нарығында «көпіршік» құбылысы, яғни материалдық игілікке негізделмеген ақша тасқыны пайда болды. Өндіріс пен экспортты дамыту, арзан жұмыс күшін қалыптастыру секілді экономикалық өсім моделі өз-өзін ақтамады. Себебі, экономиканың заңдылығына қайшы әрекетке барған алпауыт мемлекеттердің инвесторлары жұмыс қолы арзан жерлерге ұмтылыс жасай отырып, сатып алу қабілеті төмен халық тобының өсуін тездетті. Сөйтіп рынокта капиталистік дүниенің өндірген өнімін сатып алуға жағдайлары келмейтін кедейлер шоғыры қалыптасты. Әлемнің бар байлығы социализм көсемдері айта беретін ат төбеліндей дейтіндердің шексіз, шетсіз байлық көзіне айналды. Кедей барынша жарлыға айналып, ауқаттылар мен жоқ-жұқалардың тұрмыс деңгейіндегі айырмашылығы шарықтап кетті.

Жалпы әлемде сауда жүргізудің қалыптасқан ережелері бар. Оларды негізінен бүкіл әлемдік сауда ұйымы реттейді. Бірақ соңғы кездері әлемдегі ірі державалардың, оның ішінде АҚШ әкімшілігінің өзі осы ұйымның іс-әрекетіне күмәнмен қарай бастады.

Коронавирус дерті әлемде қалыптасқан бұрынғы қайшылықтарды бұрынғыдан бетер ушықтырып жіберді. Одан әлем халқы қалай шығады? Сарапшылар оның қаупін өзара алауыздықты жойып, біріккен іс-қимыл арқылы қайтаруға болады деседі. Бұл енді уақыт еншісіндегі шаруа.

ҚАЗЫНА

# ӘЛЕМДІ АРАЛАҒАН КІЛЕМШІ

## бұйымдарын мұхит асырып, сатып жүр

**Қазақтың түкті кілемі қолөнерге, мұраға құрметі ерекше жанның төрінде әлі де ілулі тұруы мүмкін. Айтпағымыз, сонау жетпісінші жылдардан бері қарай өңірде кілем тоқуды қолға алған жандар бүгінде тынымсыз тер төгуде. Сырдария ауданына қарасты Айдарлы ауылында Роза Әлбатырқызы бастаған шеберлер тоқыған кілемдер Англияға, Италияға тапсырыспен жөнелтілуде. Қайсыбір жылдары БҰҰ мен ЮСАИД қорының арнаулы грантын жеңіп алған Роза апай жарты әлемді шарлап келді. Жасы алпыс жетіге келсе де, кілем тоқуды бір сәтке тоқтатқан емес.**

Sb **Дәулет ҚЫРДАН,**
**«Сыр бойы».**

– Екі метр кілемнің бойында мыңның үстінде жіп бар. Әрбір жіп өз жолынан сәл тайқыса, басқасына кедергі келтіреді. Сондықтан бұл өнер – әрі сурет сабағы, әрі математика. Кілем тоқуға кіріскен оның барлық қиындықтарына төтеп беруі керек. Шағын екі де үш кілемді тоқуға екі ай уақыт кетеді. Қазір Алматыдан жіп алдырып тоқып жатырмыз. Қойдың жүні бар, бірақ ол жарамайды. Неге? Бұрын қойды үш тоғытып барып, қырқатын. Сол кезде табиғи тер иісі өздігінен кетеді. Қазір өрісте жүрген малды үйіне әкеледі де, қырқа салады. Ал оның жүнін қырқылған күйде ағынды суға жиырма рет жусаң да кетпейді. Қой қырқудың да өз заңдылығын сақтауымыз керек, – дейді шебер.

Алты жасынан қолына жіп алып, кілем тоқумен айналысқан Роза Әлбатырқызы кеңестік кезеңде ауылда тұрмыстық комбинатты басқарды. Сол кезден қалған кілемшілер мен тігіншілердің басын қосып, қайта біріктi. Жан-жақтан тапсырыс алды. Өйткені, ұлттық өнердің туындылары екінші сатыға түсіп, ең әуелі сырттан келген тауарлар көпшіліктің сұранысына ие бола бастады.

– Аудандық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып келемін. Шетелдерге де барып жүрмін. Астанада ұлттық қолөнер орталығы ашылған. Былтырға дейін солардың көрмесіне қатысып келдім. Қармақшы ауданында этноауыл салынды. Біздің қыздар сол жақта көп уақыт жұмыс істеді. Мен денсаулығыма байланысты бара алмадым. Отбасымыз осындай шеберлерден құралған. Келінім мен немеремді баулыдым. Бес жасар немеремнің икемі өзімді де таңғалдырады. Алдағы көрмеге сол баламды дайындап отырмын, – дейді Р.Әлбатырқызы.



Шебердің айтуынша, кілемге арналған жіпті иіруге қаракөл қойының жүні ыңғайлы. Әрі сапалы шығады. Мойын қатып, бас айналып, көз талатын машақаты мол жұмысқа махаббатпен кіріскен ол қыр-сырына әбден қанықты. Қайсыбір жылдары ауданда біраз қызмет атқарған Балшекер Өтегенова бастап, кілемшілікке жастарды оқытпақ болды. Роза Әлбатырқызы еш қарсылық танытпады, қайта қуанды. Оқыту курсы алты ай жұмыс істеді де кесе-көлденең шыққан кедергілерден ойда-жоқта тоқтап қалды. Әйтпесе, кім біледі, бүгінгі жастың ішінен талай кілемші шығар ма еді?! Бірақ оқыту орталығы болмады деп қамықпады. Икемі мен ынтасы бар жастарды алып, баули бастады. Өздері ашқан шеберханаға тіркей берді.

– Қазір кілем тоқығанмен, өткізу жағы қиындау. Көз майыңды тауысып, тоқисың. Екі ай еңбегің өтелсе, жақсы. Англиядағы үлкен бір оқу орнынан тапсырыс келеді. Алматыда тұратын Рая апамыз оны ұйымдастырады. Осылайша бірнеше кілемді ағылшындарға жіберіп жатырмыз. Олар өнерімізге тәнті. Кеше карантин басталар бұрын он кілемге тапсырыс келген. Сосын өткен жылы итальяндық ерлі-зайыптылармен кездесіп, олар биыл да келетінін айтқан. Біздің кілемдерге тапсырыс осылай шетелден келеді,– дейді шебер.

Ресейде жіп иіретін электронды аппарат бар. Жүн жақсы болса, сапалы жіп шығарады. Шебер оны да қолға түсірмек көрінеді. Әйткенмен, бәрі қаражатқа келіп тіреледі ғой. Әзірге кілемді қоя тұрып, жайнамазды көбірек тоқиды. Өйткені, сұранысқа сай жұмыс істеп жатыр. Ал кілемге тапсырыс келсе, дереу кіріседі.

Роза Әлбатырқызы күлімдеп отырып «Менікі ұлтымның ұлы өнері жоғалмаса екен деген ой. Әйтпесе, той-томалақтың төрінде басқа кемпірлер сияқты жүрмеймін бе?» дейді.

Иә... Бойда қуат барда халқымның қамы деп еңбек еткен анаға қалай разы болмайсың?!

Сырдария ауданы.

**2020 жылдың 2-тоқсанына арналған Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысының және департамент басшысы орынбасарларының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау**
**К Е С Т Е С І**

| Мемлекеттік органның атауы | А.Т.Ә. | Атқаратын қызметі | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|
| Қызылорда облысының Әділет департаменті | Бәкішева Ирина Жұмабайқызы | Департамент басшысы | сәрсенбі, жұма күндері сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін | Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 52 | Тел.: /8 724 2/ 23-10-51 |
| | Оразгелді Ұзақбай | Департамент басшысының орынбасары | сейсенбі күндері сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін | Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 52 | Тел.: /8 724 2/ 23-10-16 |
| | Әлмеш Баукен Серікұлы | Департамент басшысының орынбасары | дүйсенбі күндері сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін | Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 52 | Тел.: /8 724 2/ 23-10-50 |

Ескертпе: аудандардан және басқа облыстардан келген жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өкілдері күнделікті сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне және 2015 жылғы 18 карашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қызылорда облысының Әділет департаментінде 23-10-09 сенім телефоны жұмыс істейтіні хабарланады.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70–00–52** телефоны арқылы байланысуға болады.
**E–mail: smjarnama@mail.ru**

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы белгілі журналист, «Кызылординские вести» газетінің ардагері **Владимир Воробьевтің** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

**Кино өнері әртүрлі бағытта дамиды. Аудиторияның сұранысы мен қабылдау деңгейі әртүрлі. Режиссерлардың дүниетанымы бөлек. Әр идеяның өзіндік атқаратын миссиясы бар. Әрбір жанрдың өзінің өрлеу кезеңі болады. Бірін дамытып, бірін тежеуге болмайды.**

**Осы өзекті мәселеге қатысты қоғамда үнемі заңды сауал туады. Коммерциялық кино мен авторлық кино бағытының өкілдері прокат мәселесіне келгенде пікірлері екіге бөлінеді. Мемлекеттік маңызы бар фильмдерге деген көзқарас та дау туғызады. Осы тұрғыда, киносыншы маманы ретінде кино өнерінің даму бағыттарындағы басты міндеттерінің байыбына барып, тұжырымдар жасау маңызды деп есептеймін.**

# КИНО – ӨНЕР. КИНО – ИДЕОЛОГИЯ. КИНО – БИЗНЕС.

### КИНО – ӨНЕР

Нағыз өнер – теңдессіз. Идеясы құнды. Өресі биік. Тілі, табиғаты шынайы. Жеке дүниетанымның қалыптасуына да қосатын үлесі шексіз. Адамзаттың алға жылжуына ықпал жасайтын идеялар бар. Өнердің табиғатының өзі адамды тазаруға, рухтандыруға, жігерлендіруге бағытталған үлкен миссияны атқарады. Ғажайып туындылар – арыңның бағдаршамы іспетті.

Біз көбінесе кино тілінде бейнеленген нағыз өнер туындысы деп авторлық фильмдерді бағалап жатамыз. Бізде терең және ерекше ойлайтын киногерлер бар. Өздерінің қолтаңбасын қалыптастыра алған. Авторлық кино бағытының қарқыны ерекше. Масштабтары әлемдегі мықты киногерлерден еш кем емес.

Интеллектуалдық киноның аудиториясы қашан да шектеулі. Шынайылық басым болғанмен, тілі күрделі. Көпшілік идеяның астарын түсінбей, бейнелік қатарын қабылдай алмай жатуының басты себебі осында. Пәлсапалық негізі басым. Бұл автор дүниетанымының масштабы. Оқиғаларды көбінесе терең ойлармен көмкеруге басымдық беріледі. Мағына іздейді.

Кез келген автор өз фильмі арқылы өз өресін көрсетеді. Дүниетанымын. Мәдениетін. Ойлау жүйесін. Қоршаған ортадан қабылдаған оқиғалардан түйген қорытындысын. Авторлық кинодағы режиссерлардың шығармашылығы сонысымен қызықты. Ой қозғауыңа ықпал жасайды. Кейде, пікірталастар қақтығысы да болады.

Жамандықсыз кейде жақсылықтың қадірін түсінбей жатамыз. Сынақ түспесе, өмірде маңызды жайттарға назар салмаймыз. Авторлық киноның табиғаты да солай. Өмірге басқаша қырынан қарауға мүмкіндік береді. Кейбір фильмдер қоғамның асқынған дертін дөп басып көрсетеді.

Кейде осы өмірдің көлеңкелі жақтарын суреттеген режиссерларға наразылық білдіріп те жатамыз. Бұл қалыпты. Көзқарастар әртүрлі. Олардың алға тартқан ақиқатымен келіспеуге де құқымыз бар. Себебі, ол бір ғана автордың жеке пікірі.

Алайда, ақиқатын айтамын деп, мақсатты түрде ұлттың мүддесіне арнайы шабуыл жасайтын авторлар да бар. Көздеген саясаты сол болады. Көрермендерге теріс пиғылдағы ойларын зорлап таңады. Эгоизмін алдыңғы планға шығарады. Бұл қауіпті.

Олардың жеке өмірбаянын зерттесең, осындай әрекеттерге баруының негізгі себептерінің астарын оқуға болады. Жеке комплекстері, тағдырына наразылығы, жеңіліс тапқан сәтсіздіктерінің өшін өз шығармашылығынан алады. Олардың ойы кейде қоғамды емдемейді, асқынған дертті қоздырады.

Нағыз өнер – залалсыз. Зияны тимейді. Өз арына есеп беретін авторлар идеяны қоздырғыш күш ретінде қолданбайды. Әсерін шынайы суреттейді. Ойларымен ашық сырласады. Адамзаттың игілігі жолында құнды идеяларды ғана дәріптейді.

### КИНО – ИДЕОЛОГИЯ

Кино өнерінің шын мәнінде әлеумет санасына ықпалы бар. Тіпті, зор. Кино саясаты арқылы көп тетікті басқаруға болады. Мақсатты түрде. Оның идеологиялық қауқары соғыссыз шекара алуға жетеді. Кино өнерінің тілін масштабты мақсаттарға қолдану мүмкіндігі бар. Иә, кино – демалу, сергу, көңіл көтеріп, қызықтаудың да құралы. Бірақ, оны мақсатты идеяны жүзеге асыруға қолданса, алынбайтын қамал жоқ. Кино тілінің мүмкіндігі көп.

Өнер алаңында да кейде саяси батыл қадамдар жасалып жатады. Әр ұлттың амбициясы әртүрлі. Алға тартатын ақпараттар легі де. Бірақ, өнерде идеяны жан-жақты сараптаудан өткізу маңызды. Адамзатқа ашық шабуыл, ұлтты кемсітуді мақсатты түрде қолдан ұйымдастырылмауды әр мемлекет өзі бақылауында ұстағаны абзал.

Авторлар кез келген идеясының артында қандай жауапкершілік тұр, осыны назарында ұстағаны маңызды. Нені дәріптейсің, қандай мақсатта дәріптеп отырсың, экранға шықпас бұрын өзіңе есеп берудің қажеттілігі бар. Ішіме сыймаған шығармашылық күйім деп, сараптаудан өткізбей, қадамдарын салмақтамай, әлем халқының алдына абыройсыз істерін саналы түрде жария етуге асығатындар бар.

Халықаралық кинофестивальдарға көбінесе осындай мақсаттағы фильмдер ұсынылады. Қолдайды. Қаржыландырады. Жүлде алу үшін дәл сол әлеуметтік мәселелерді арнайы ашып суреттеген фильмдерін апарады.

Көпшілігі саяси астарын түсінбейді. Бұл – әлемдік өнер кеңістігінде ұлттардың жеке амбициясын үлкен экранда насихат түрінде қорлау. Ұлт мүддесі алдындағы ұстанымдарының дұрыс бағытта болғаны маңызды. Рухын жығып бермеу, артық кетпеу, қиянат етпеу. Режиссерлар да саяси сауатты болса, игі.

Идеологияның басты күші – санаға төңкеріліс жасау. Игі істерді насихаттау. Адамдық, ар ісіне адалдықты өз биігіне көтеру. Көрерменді жүйелі түрде бір мақсатқа жұмылдыру. Адамзаттың мәдени-рухани қарым-қатынасын арттыру, танымдық тұрғыдан үлкен рөл атқару, игі істерге үлес қосуға ықпалдасу, ақиқат пен әділдіктің шынайы жанашыры болу – идеологияның басты темірқазығы.



### КИНО – БИЗНЕС

Кино – сөзсіз бизнес. Іскер киногерлер мақсатын көпшілік аудиторияның сұранысына жұмылдырады. Қаржы табады. Прокаттағы қазақ фильмдерінің оқиғасы тым арзан деп талқылап жатамыз. Кәсіпкерлер ең алдымен ұсынатын өнімді аудиторияның сұранысына қарай икемдейді. Демек, сұраныс бар.

Кинотеатрға көрермендер көбінесе, күнделікті күйбең тірліктен сергу, рухани демалу мақсатында барады. Қабылдауға жеңіл, эмоциялар сыйлайтын фильмдер өтімді. Алайда, көрермендердің өресі тең емес. Өмір туралы ой салатын жаңа фильмдерді іздеп баратындар да бар. Бүгінгі дәуір Кеңес заманындағыдай кинотеатр жүйесін идеология көзі ретінде қолданып отырған жоқ. Нарық талабына сай өнім ұсынуда еркіндік бар. Бүгінгі кинотеатр жүйесі – бизнес көзі.

Алайда, өнім ұсынушылар оның сапасына тікелей жауапты. Сатылымы жақсы деп рухани жауапкершілікті ұмытуға болмайды. Азғындықты насихаттау, сапасыз идеяларды тықпалау – бұл рухани қылмыс. Сатудың басты шарты – ақша қуып, ашкөздіктің соңына түсу емес, оның барлық мәдени талаптарына сай, нарыққа, аудиторияға пайдалы әрі сапалы өнім ұсыну.

Қазіргі фильмдерде ең бірінші динамика маңызды. Екінші – идея. Үшінші – жеткізу тілің. Қызықсыз болса, қарамайды. Көрерменді экранның алдында қинап ұстай алмайсың. Таңдау еркіндігі бар. Өткен тарихқа қарағанда, келешектегі ғарыштық хикаялар қызықты. Фантастика. Бізде бұл жанр дамымаған. Киногерлерге көбірек іздену керек.

Шеберлігі жетпей жататын кездер болады. Ескі сарын ешкімге қызық емес. Күн сайын дамудың жаңа жолдарын таңдауымызға тура келеді. Тәсілдер. Ерекшеліктер. Жеткізудің жолдары. Бүгінгі ғарыштық ғасырдың тілі де бөлек. Ойлау жүйемізде күрделі құбылыстар жүріп жатыр. Отандық киногерлер осыны мойындауы керек. Әлемде не болып жатыр көбірек зерттеп, ізденіп, әрбірден соң халықаралық прокатта қандай бағыттағы фильмдер жетістікке жетіп жатыр соны бақылау маңызды.

Көрермендердің өресі өскен. Қазір ешкім ақымақ емес. Алданбайды. Әрбір адамның қолында ұялы телефон арқылы әлемді басқарудың тетігі тұр. Жаңалықтардан хабардар. Әр елдің үздік фильмдерінің үлгісін қарайды. Салыстырады. Ой түйеді. Қорытындыға келеді. Өзіміздің отандық фильмдерге баға береді. Көңіл толмайтын құбылыс жоқ емес.

Егер осы «өнер, идеология, бизнес» үшеуінің тұғырын бір мақсатқа біріктіре алатын шеберлік болса – онда сөзсіз халықаралық прокатта да мойындаламыз. «Оскар» алған туындылардың көпшілігі осы үш тұғырдың өлшеміне сай болған соң ғана мықты. Бізде бір талабы ескерілсе, екінші жағы өкінішке орай, ақсап жатады.

**Гүлзат КӨБЕК,**
**киносыншы, Өнертану PhD докторы, «Тұран» университетінің профессоры.**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.